

Сабденова Гүлмира¹, Усерова Айгүл², Байгунаков Досбол³

¹тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры міндетін атқарушы, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: gulmiras2801@gmail.com, тел.: +7 701 848 6082

²заң ғылымдарының кандидаты, Орталық Азия Университетінің доценті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: aiguluser@mail.ru

³тарих ғылымдарының докторы, Орталық Азия университетінің профессоры, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: dosbol_bs@mail.ru, тел.: +7 777 171 6969

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕСİNДЕГІ
ҚҰҚЫҚТЫҚ САРЫН**

Қазақтың дәстүрлі құқық жүйесіндегі танымдық және тәрбиелік негіздер зерттеудің пәні болып табылады. Ізгілікке бағыттайтын қазақ халқының отбасылық және ұлттық ілім-біліміндегі дәстүрлі құқықтық идеология зерттеу нысаны ретінде алынған. Зерттеуде қазақ халқының әдеті мен ұлттық бірыңғайлығындағы дәстүрлі құқықтық мәдениеттің гносеологиялық негіздері сөз болады. Эвристик ұстанымдар негізіндегі мәліметтер бойынша дәстүрлі құқықтық рухта тәрбиелеудің табиғаты түсіндіріледі. Ұлттық мәдени құндылықтар жүйесіне, оның ішінде қоғамды тұрақтандыратын және ондағы тәртіпті ұстап тұратын құндылық құралы ретіндегі құқыққа ерекше назар аударылады. Авторлар қазақ құқықтық мәдениетінің қалыптасуына ықпалын тигізген көшпелі қоғамдардағы құндылықтар бағыттарын атап кетеді. Зерттеу әдіснамасы ғылыми ізденістің мынадай ұстанымдарына, принциптері мен әдістеріне негізделген: біріншіден, қазақ халқының дәстүрлі құқықтық ой-пікірлерін ұлттық рухани мәдениеттегі рефлексивті қабылдауға бастама беретін мәдени-өркениеттілік ұстаным қолданылады; екіншіден, дәстүрлі принциптерден (шынайылық, тарихилық, т.б.) басқа ойшылдардың мемлекеттік-құқықтық көзқарастарын қайта қалпына келтіру, т.б. әдістер кеңінен пайдаланылып, халықтың құқықтық таным-түсінігі, қазақтың тарихи-мәдени дәстүрлері мен жосын-жоралғылары талдаудан өткен. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық идеология аксиологиясы құқық туралы қоғамдағы тұрақтылықты ұстап тұратын және абсолюттік құндылықтарды сақтаушы ретіндегі құрал болып саналған және де ол сан ғасырлар бойы өскелең ұрпақты тәрбиелеуде маңызды рөл атқарып келген. Дәстүрлі қазақ құқығы мүмкіндігінше өзгенің құқықтық тәжірибесіне негізделген рецепцияны жібермеуге тырысқан.

Түйін сөздер: дәстүр, қоғам, мемлекет, идеология, құқық, құндылық, рецепция.

Sabdenova Gulmira¹, Userova Aigul², Baigunakov Dosbol³

¹Acting Professor KazNU Al-Farabi, Candidate of Historical Sciences, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulmiras2801@gmail.com, tel.: +7 701 848 6082

²Ass. professor of Central Asian University, Candidate of Legal Sciences, Almaty, Kazakhstan, e-mail: aiguluser@mail.ru

³Professor of Central Asian University, Doctor of Historical Sciences, Almaty, Kazakhstan, e-mail: dosbol_bs@mail.ru, tel.: +7 777 171 6969

Legal motives in the national education (upbringing) of the Kazakh people

The subject of study are cognitive and educational foundations of the traditional legal system of Kazakhs. The object of work is the traditional legal ideology of the Kazakh people, as a special family and national doctrine of morality. The study touches upon such gnoseological foundations of the traditional legal culture of the Kazakhs, as adet and some features of national identity. The nature of education in the spirit of traditional law is explained on the basis of these heuristic settings. Particular attention is paid to the traditional interpretation of cultural values, in which the law plays the role of instrumental value as a means of stabilizing society and maintaining order in it. Authors noted the

value of orientations in nomadic societies, which played crucial role in the formation of the legal cultures of Kazakhs. The methodology of the research is basing on the following approaches, principles and methods of scientific research: first, a cultural and civilizational approach was used that allows to comprehend the traditional legal thought of the Kazakh people as a reflective perception of an original legal tradition in the context of the national spiritual culture; Second, in addition to traditional principles (objectivism, historicism, etc.), the method of reconstruction and restoration of state and legal views of thinkers has been widely used, legal beliefs of the people, historical and cultural traditions and customs of Kazakhs have been analyzed. The axiology of the traditional legal ideology in the Kazakh society is built on the notions of law as a means of stabilizing society and protecting absolute values and it has played an important role in the upbringing of the younger generation for many centuries. The traditional rights of the Kazakhs, as far as possible, were not trying to allow the reception of someone else's legal experience.

Key words: tradition, society, state, ideology, law, value, reception.

Сабденова Гүлмира¹, Усерова Айгуль², Байгунаков Досбол³

¹кандидат исторических наук, и.о. профессора Казахского национального университета им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: gulmiras2801@gmail.com, тел.: +7 701 848 6082

²кандидат юридических наук, доцент Центрально-Азиатского Университета, г. Алматы, Казахстан, e-mail: aiguluser@mail.ru

³доктор исторических наук, профессор Центрально-Азиатского Университета, г. Алматы, Казахстан, e-mail: dosbol_bs@mail.ru, тел.: +7 777 171 6969

Правовые мотивы в национальном воспитании казахского народа

Предметом исследования выступают познавательные и воспитательные основания традиционной правовой системы казахов. Объектом работы является традиционная правовая идеология казахского народа как особое семейное и национальное учение о нравственности. В исследовании затрагиваются такие гносеологические основания традиционной правовой культуры казахов, как адет, и некоторые особенности национальной идентичности. На основе данных эвристических установок объясняется природа воспитания в духе традиционного права. Особое внимание уделяется традиционной трактовке культурных ценностей, в системе которых право играет роль инструментальной ценности как средства стабилизации общества и поддержания в нем порядка. Авторы отмечают ценностные ориентации кочевых обществ, которые сыграли свою роль в формировании правовых культур казахов. Методология исследования базируется на следующих подходах, принципах и методах научного поиска: во-первых, используется культурно-цивилизационный подход, позволяющий осмыслить традиционную правовую мысль казахского народа как рефлексивное восприятие самобытной правовой традиции в контексте национальной духовной культуры; во-вторых, помимо традиционных принципов (объективизм, историзм и др.), широко использован метод реконструкции-восстановления государственно-правовых взглядов мыслителей, анализированы правовые убеждения народа, историко-культурные традиции и обычаи казахов. Аксиология традиционной правовой идеологии в казахском обществе построена на представлений о праве как средстве стабилизации общества и охраны абсолютных ценностей и оно сыграло немаловажную роль в деле воспитания подрастающего поколения на протяжении многих веков. Традиционное право казахов по мере своей возможности старалось не допускать рецепцию чужого правового опыта.

Ключевые слова: традиция, общество, государство, идеология, право, ценность, рецепция.

Кіріспе

Қазақ этнографиясындағы ұлттық тәрбиенің негізін этнолог, педагог, әлеуметтанушы, әдебиетші, т.б. көптеген мамандар қарастырғанымен, оның басты бағыттары мен қордаланған проблемаларын құқықтық тұрғыдан зерделеу, мәселеге тарихи-құқықтық талдау жүргізу отандық тарихнамада кемшін тартып жатқандығы жасырын емес. Мұндай күрделі мәселені көтеру осы мақаланың негізгі мақсаты мен міндеттерінен туындайды.

Айта кету керек, қазақ халқы өзінің сан ғасырлар бойы жинақтап, қалыптастырған тәлім-

тәрбие дәстүрі бодандық және кеңес өкіметі саясаты нәтижесінде мүлдем әлсіреді, тіпті өшіп кете жаздады. Әдептілік, әдет – адамзат баласына тән сипаттардың бірі болғандықтан қазақ халқы алдымен адамның өзіндік әдебін талап етіп, оны үш бөлікке бөлген. Біріншісі – өзінің жан дүниесіне қатысты әдеп, екіншісі – өзінің денесіне қатысты әдеп, ал үшіншісі – білім мен ой парасатын жетілдіру әдебі. Көшпелі қазақ қоғамының объективті бейнесін сомдауда тәлім-тәрбиенің алар орны ерекше. Сондықтан да тақырыптың өзектілігі күмән туғызбайды.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – тек өзіне тән қасиеттері мен ерекшеліктеріне ие тарихи

құбылыс. Әдет-ғұрыптық нормалар мен институттар ұлттық тәрбиемен ұштастырыла отырып ұзақ уақыт маңызды рөл атқарып келген. Қалай болғанда да қазақ халқының тәлім-тәрбиесін құқықтық көзқарастарынан, философиялық ойлау дәрежесінен, наным-сенімдерінен, ұлттық этнографиясынан ажыратып, бөлек қарау мүмкін емес. Қоғамдық қатынастарды жүйелеп реттеу үшін бұлардың біртұтастығы қажет. Сондықтан да көтеріліп отырған бұл мәселеге кешенді түрде келген абзал, яғни мәселеге пәнаралық ұстаным (этнология, педагогика, құқықтану, т.б.) тұрғысынан келгенде ғана, оның негізгі сауалдары күрмеуін табары анық.

Ұлттық тәрбиенің тарихи бастаулары мен өзегі

Қазақи дүниетаным ғұн, сақ, түркі дәуірлерінде де, кейінгі исламдық кезеңде де көп өзгерістерге түспей, бастапқы болмысын сақтап қалды. Ең алдымен қазақ халқы ұрпағын әрдайым әділдікке шақырып отырды. Әділ төрелік айту – теңдіктің адал таразысы. Оны жүзеге асыратындар – билер. Қазақ қоғамы ежелден-ақ билерге төрден орын беріп, төрелігін айтқызған. Төр – қасиетті орын. Өресі биік төрелік айтушылар қоғам тыныштығын, ағайын татулығын, ел жарастығын үнемі есінен шығармайды. Сондықтан да теңдік, әділдік, адамгершілік бұл төрелік айтушылар үшін құқық, тәртіп түсінігімен тікелей байланысты болып шығады. Яғни, құқық, тәртіп ұғымы адамға, оның өзгелермен байланысында пайда болатын адамдық қасиеттерді құрайды. Нәтижеде құқық, тәртіп түсініктерінен әдет-ғұрып нормалары келіп шығады. «Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» демекші, осы салт-дәстүрлерден сол ұлттың мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, зейін-зердесі, даналығы, ерекшелігі, шешендігі, тапқырлығы, ақыл-парасаты, айналадағы ортаға моральдық, этикалық, танымдық көзқарасы көрінеді. Этнолог, педагог, психолог, т.б. мамандар тарапынан халқымыздың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ырым-жоралғылары, рәсімдері, наным-сенімдері біршама қарастырылғанымен, бұлар құқықтану ғылымының аясында әлі де болса толық зерттелініп болған жоқ (Қазиев, 2005: 8).

Жалпы алғанда, қазақ халқы ар, намыс, адамгершілік, имандылық идеяларын терең түсініп, оларды тәрбиеге топтастырған. Тәрбие мәні адамдық қасиеттерді сақтау, тәртіп бұзбау, біреудің құқығына қол салмау сипатында

өрілген. Бұл мақсатқа жету жолы тек күнделікті тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге деп ұққан. Оған жеткізетін басты құрал қызыл тіл деп білген. Ұлан асыр кең далада сөз өнерінің қарқынды дамуы да сол себепті. Бұл өнермен төрелік айтушылар міндетті түрде таныс болып, сөзді құрал етіп пайдаланған. Сөз өнері әркімді ойлануға, шешен сөйлеуге міндеттеген. Бұл жөнінде «Сөз мәдениеті көшпелі және жартылай көшпелі қазақ қоғамының бүкіл болмысының, оның барлық өмір салаларының (шаруашылық, әлеуметтік, саяси-құқықтық, тұрмыстық, т.б.) ішкі рухани өзегі әрі мәйегі іспеттес еді» деп атап көрсетеді белгілі заңгер З. Кенжалиев (Кенжалиев, 1997: 50).

Исламдық шарифат заңы да көшпелі қазақ қоғамы әдет-ғұрып заңдарына кереғар емес, етене жақын. Мысалы, «Әділдікке жүгінбейтін және әлсіздер күштілерден өз үлесін ала алмайтын ұлт құрметтен мақұрым қалады» деп Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) айтқан сөз адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізі болып есептеледі (Құран және ғылым. Ислам ақиқат көзімен қарағанда, 2003: 33).

Сондықтан да қазақ халқының сөз өнері әлемдік биіктен орын алып, ол қасиетінен әлі күнге айрылмай келе жатыр. Көшпелі тұрмыс-тіршілік оларды ауызекі сөйлеуге үйреткенімен, ол айтылғандардың құлаққа сіңуі, көпке тарауы жылдам болып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілді. Әрбір қазақ сөзге етене жақын ғана болмай, оны жадында сақтауға, тіпті өзі де сөз өнеріне жетік болуға баулыды. Өйткені сөз өнері бүкіл тұрмыс-тіршілікпен егіз болды. Ал төрелік айтушылар бұлардан оқшау, биіктен көрініп, өмір мен сөз өнерін ұштастыра алды. Сол үшін олар айтқан сөз өзгелерге «аталы сөз» болып саналды. Аталы сөз көптің көкейінен шығып, күнделікті тұрмыс-тіршілігінен мықтап орын ала түскенді.

Тарих таразына үңіліп, археологиялық дереккөздеріне сүйенсек, тәлім-тәрбиенің бастауларын ата-баба тағылымдарынан кездестіруге болады. Мәселен, ортағасырлық көне түркілердің заманындағы (VI-VIII ғасырлар) тасқа қашалған «Аштықта тоқтықты түсінбейсің. Бір тойсаң аштықты түсінбейсің. Атамыз, бабамыз ұстаған жер-су иесіз болмасын деп, аздарды халық құрап, оларға Төре бек болды... Әкеміз, ағамыз халықтың аты, даңқы өшпесін деп, түркі халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым... Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым, тату елге жақсылық қылдым, төрт бұрыштағы халықтың бәрін бейбіт қылдым... Бүкіл түрік халқына жау

келтірмедім... Өлімнен ұят күшті... Су ағысы тартылса – жас жапырақ қурайды, адамдардан күш кетсе – жат кісіге бағынады... Ер жүрек халық – күшті халық... Бізге жеңіс әперген жер-суымыз – Отанымыз деп білу керек» деген сынды көптеген нақыл да аталы сөздерді кездестіруге болады (Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы, 1994: 89-90). Ал олардың негізгі мазмұны қазақ халқының ұлттық тәрбиесімен астасып жатыр, яғни бұдан мың жарым жылдай уақыттағы тарихи деректемелер ұлттық тәрбие қайнар-бастауларын нақты айғақтайды, ұлттың тамыры тереңде жатқандығын және сол кездегі тәлім-тәрбиемен тарихи үндестіктің бар екендігін аңғартады.

Этнографиялық және әдеби мәліметтерге сүйенсек, қазақ халқы данышпан адамдардың өсиеттері негізінде де өскелең ұрпақты тәрбиелеп отырған. Мысалы, Қорқыт бабаның: «Тәңіріне сыйынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірісі құрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды... Өлген тірілмейді... Менмен, тәкаппар адамды Тәңірі сүймейді... Қар қаншама қалың жауғанымен жазға бармас, гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас, тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел болмас... Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман... Қонағы жоқ қараша үйден түз артық... Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралап, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз өреге баспайды. Өтірікші болғаннан, жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық» деген сөздері халық арасына кеңінен тарап кеткен (Қорқыт Ата, 1999: 128-129). Ал бұл сөздердің астарында қазақ халқының дүниетанымына тән тарихи-философиялық және тарихи-құқықтық пайымдар жатқандығы анық.

Орта ғасырлардың өзінде-ақ ұлттық тәрбиенің бастаулары толық көрініс табады. Мәселен, кезінде Әбу Насыр әл-Фараби: «... Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез-құлыққа жеткізетін әрекеттер жақсы әрекеттер болып табылады. Адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне сайма-сай келеді... Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат... Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында... Бақытқа жеткізетін еркін әрекет – тамаша әрекет» (Әл-Фараби, 1975: 295-373) десе, Жүсіп Баласағұни: «Сарандық өзінді құртатын құмарлық. Ақылсыз басты

қылығы танытады. Сөзі жалған кісінің жүзі төмен. Арсыз – адамның қоры. Жарамсақтың жолы жіңішке» (Баласағұни, 1986: 106) – дейді. Ал, Ахмет Жүйнеки: «Әдептіліктің басы – аузын бағу. Адамға не келсе тілінен келеді. Тіл мен жақтың көркі – шын сөз. Надан тірі дегені болмаса, аты өлік. Қыңырлықты тастап, әділдік киімін ки. Ешқашан кісіге азар берме, зорлық-зомбылық жасама. Кімнің досы жақсы болса, өзі де жақсы болады» (Жүйнеки, 1975: 52-63) деп тәлім айтады. Бұл айтылған нақыл сөздердің барлығының тәрбиелік мәні бар. Айтылған сөздердің барлығы өзгенің құқығын бұзбауға, әдепті болуға шақырады.

Кейіннен Әйтеке би болса: «Ашу бар жерде ақыл тұрмайды. Ашу деген ағын су алдын ашсаң арқырар. Ақыл деген дария, алдын тоссаң тоқырар... Сөз қуған бәлеге жолығады, жол қуған олжаға жолығады» (Зиманов, 2001: 344) деген. Ал, Абай Құнанбаев: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерден озады... Мен егер зақон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім... Кімдекімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты да жоқ... Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ» – деп насихат қалдырған (Абай, 1993: 138-164).

Мұндай тәлім-тәрбие бағыттары қазақ мемлекеттігін нығайту, жер-су бәріне тиісті, өйткені баршаның Отаны екенін білдіру; неке және отбасы құқықтарында ата-ана, балашаға, абысын-ажын, келін арасындағы нәзік сыйластықты орнатып, отбасы, туысқандық сезімдерді бекемдеуге; ата-ана, үлкенді құрметтеуге жастарды тәрбиелеу; ибалық пен имандылық қасиеттерді сіңіруге; әскери іс және мемлекетті басқару саласындағы құқықтық нормалар – ел бірлігін, ынтымағын сақтау; Отанды қорғау, әділетті басқару мәселелерді, қылмыстық құқық нормалары мен азаматтық құқық нормалары жазаны әділ бере отырып, адамгершілікті жоғалтпауға; өмірге адам болып келгеннен соң, адамдық қасиеттерді жоғалтпауға; кешірімді болуға, уәдеге опа етуге, ішкен антты бұзбауға, мүмкін болса қылмыстың алдын алып, қылмыскерге қылмыстық іс-әрекетінің дұрыс еместігіне көз жеткізуге арналған.

Ұлттық тәрбие мен ислам мәдениеті

Қазақ халқының тәлім-тәрбие негізінің қозғаушы күшіне айналған билер саяси-құқықтық өмірдің көптеген ерекшеліктерін бойларына жинаған. Біріншіден, кең даланың өн

бойындағы әділдіктің жаршысы, заңдылықтың төрешісі, үлгілі жол-жобаларды түзе білген заң шығарушысы, бұлбұлдай қызыл тілін сайратқан дүлділ шешені, бітімгершілікке шақыратын қамқоршысы, қиын-қыстау кезеңдерде елді дұшпанға шақыратын батыры, туған-туысынан гөрі әділдікті бойына сіңіріп, ту еткен әділ қазысы болған. Дәл осы іспетті рөлді ойнаған мұсылмандық мемлекеттің басшы-қазылары да әлемге үлгіге айналған. Мысалы, Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде көптеген мән-мағына жатыр. Әділдігімен көзге түскен Омар халифа туралы әңгіме төмендегідей өрбиді. Бірде ол біреумен дауласып, қазыға жүгінбек болып келгенде, қазы Омарды көре сала жалпақтап: «О, Омеке! Жоғары шығыңыз» дегенде, ол: «Сен қазы болуға лайықты емессің. Өйткені, дауласып келген екеумізді теңдей көріп тұрғаның жоқ. Дауласып келген екеумізді теңдей көрмеген адам қазылыққа лайықты емес» деп, қазылығынан алып тастаған екен (Әділбаев, 2004: 60-61). Мұндай мысалдар хадистер мен діни деректерде өте мол. Ал, олардан кемшін түспейтін қазақ билерінің тәрбиелік мәні бар соттық үлгі-мысалдары да жетерлік. Сайып келгенде, қазақ билері тарапынан жасалған тәрбие-тәлімдік тағылымдар өте көп әрі ислам діндарларының өсиеттерінен кем соқпайды. Мысалы, Мұхаммед (с.ғ.с.): «Анаңды, анаңды және анаңды сыйла!» десе, қазақтар «Анаңды Меккеге үш рет жаяу арқалап апарсаң да, анаңның бір түнгі еңбегінен құтылмайсың» дейді, сондай-ақ Мұхаммед (с.ғ.с.): «Екі аяқ пен екі жақ арасына сақ бол» десе, қазақтар: «Екі елі ауызға төрт елі қақпақ қой», «Қызға қырық үйден тыю» деген мағыналы сөздерін ұсынады.

Тәлім-тәрбие туралы мысал-үлгілер, мақал-мәтелдер өте көп болғанымен, әр түрлі себептермен қағазға түспеген. Бұлардың бәрі халқымыздың рухани-мәдени мұрасы. Бұларды жинап, халық кәдесіне жарату – зиялылардың борышы. Бір ғана Майқы би айтты деген нақыл-ғақлиялар қаншама! Хан өздігінен өлім жазасын қолданбасын, өлім жазасын халық өзі шешетін болсын (Төрөқұл, 1996:170-171). Сол үшін де «түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп халық текке мәтелдемеген. Мұндай үлгілі, тәлім-тәрбиесі мол нақыл сөздер мен асыл жырлар ұшан-теңіз.

Осы нақыл сөздер, мәтел-мәтелдер, мысал-үлгілер тәлім-тәрбиені құрап, қоғам ішіндегі тәртіптілікке үлес қосқан. Енді тәлім-тәрбиенің басты бағыттарын нақтылай айтсақ мыналарды қамтиды: жеті ата. «Жеті атасын білмеген түгін

білмейді» деп санаған қазақтар мәселені осыдан бастаған. Шарифат және Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистерінде де «Жақсылықты алдымен өзіңнен, отбасы, бала-шаға, туысқандарыңнан баста» делінеді. Қазақтар да ежелден-ақ рулық жүйені таза сақтап, қан тазалығына ерекше мән берген. Жеті атасын білу бір жағынан туыстастық, бауырмалшылдықты күшейтсе, екінші жағынан өзінен алдын өткен жеті атасын аруақ деп ұғып, аруаққа асы болмау жағын міндеттейді. Әрбір қазақ аруақты разы етуге, оларға тіл тигізбеуге тырысқан. Аруақтар разы болса, тіршілік оңды болады деген сенім жоғары тұрған. Жеті аталастар ешуақытта да қыз беріп, өзара қыз алыспаған. Жеті атаны ұмытпау үшін әр рудың өзіне тән шежірелері болған. Ал әрбір ата-ана ұл-қызына 7 атасын жаттатқан. Халқымыздың қадірлі ұлы, көп жыл республикамызды басқарған Д.А. Қонаев: «Ата-бабам тегіне тартып, мал бағып, қауға ұстаған кісілер екен. Күрті мен Іле өзендерінің жағасын жайлап, құйған бойын қыстау етіпті. Ертеректе бұл жерлер Жетісу губерниясы Верный оязы, төменгі Іле болысы атаныпты. Қазіргі Алматы облысының Балхаш пен Күрті аудандарының жері» – дей отырып, Дінмұхамед, Меңліахмед, Жетібай, Қонай, Азынабай, Нұрмамбет, Жолын деп 7 атасын атайды (Қонаев, 2011:13). Мұндай ата-баба шежіресін тарқату қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі маңызды іс-шара болып табылады. Шежірені ұрпаққа үйрете отырып алдыңғы буын жастардың құқықтық білім алуын да қадағалаған, яғни ата-баба жері, мекені (жайлауы, қыстауы, т.б.), олардың өсиеттері, бастан кешкен оқиғалары, отбасылық дәстүр, т.б. туралы да ілімді беріп отырған.

Мұндай отбасылық-құқықтық мәліметтер туыстармен, құда-жекжаттармен және өзге де туған-туыстармен арақатынастарды жіктеуде де сақталған. Өлі күнге дейін әрбір қақтың үш жұрты бар: өз жұрты (руы), нағашы жұрты (ана жағы) және қайын жұрты (әйелі жағы). Бұлардың арасындағы қарым-қатынас пен сыйластық өз руластарынан кем болмаған. Мұндағы тәлім-тәрбиенің бір бағыты адамдарды құрметтеу, сыйласу, сәлемдесу секілді дүниелермен аста-сады. Кез келген ат үстіндегі адам жаяуға, аз адам көпке, жасы кіші үлкенге сәлем беру ислам дінінде де адамға парыз етілген. Әсіресе, келіндер үлкеннің жолын кеспей, иіліп сәлем берген. Сәлем беруді ата-аналары ұл-қыздарына жастайынан үйреткен. Бұл ибалықтың ең биік көрсеткіші. Өйткені, біздің қазақ халқы әдепті де сыйластық қарым-қатынастарға көне

дәуірлерден көңіл бөліп, оны ұрпақтан-ұрпаққа қасиеттеп беріп отырған. Яғни, берер тәлім-тәрбиесін қысқа да нұсқа етіп, мақал-мәтел, нақыл сөздерімен қалдырған. Мысалы, «Ұлық болсаң – кішік бол», «Сыпайылық жоқ жерде сыйласу да жоқ», «Кішіпейілдік – кішілік емес, кісілік», т.б. терең мәнді сөз нақыштары халқымыз ұстанған тәлім-тәрбиенің басты бағытын, сындарлы жүйесін көрсетеді.

Тарихи-құқықтық тұрғыдан алғанда тәлім-тәрбиенің ең биік шыңы – әдептілік. «Әдеп дегеніміз – адамдардың қатынас барысында сыпайылық шегінен шықпау, адамның жеке ерекшеліктерін ескеру, өзгенің де өзінің де арнамысын қадірлеумен бірге шама мен шекті де сезіне білу» (Сәлмен, 2001: 3). Сөйтіп, әдепті адам күнделікті тіршілікте өзін-өзі адамдық шеңберде ұстауы, мінез-құлқы жұмсақ, адамгершілігі мол, қайырымды, тек көкейінде ізгілік істерді жүзеге асыруға ұмтылысы бар екенін көрсетуі. Бұл көріністер төмендегі мәселелерден тұрады: сенімге мықтылығы, өзіндік әдебі, ата-ана, әйелі, бала-шағалары арасындағы әдептер, туыстары мен көршілеріне деген қарым-қатынастан, адамдармен қарым-қатынасты және қоғамдағы әдебінен тұрады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында ата-ана дәрежесі өте жоғары. Ол жайлы қасиетті Құранда өте жиі айтылады (Құран, 1990) [36 аят]. Ислам мәдениеті негізінде қазақтар ата-анасын құрметтеген. Ешуақытта оларға қарсы шықпаған. Пайғамбарымыздың «Өлгеннен кейін ата-анаң риза болсын десең, төрт жағдайға көңіл бөл. Олар: дүниеден өткен ата-анаңа дұға жасап тұру; айтып кеткен өсиеттерін орындау; тумаларымен жақсы қарым-қатынаста болу; ата-анаңның достарын, жолдастарын сыйлап, құрметтеу» деп айтқан сөздері бәріне кеңінен мәлім болған. Адам баласы қоғамда өмір сүргендіктен, олармен қарым-қатынасында үнемі адал, әділ, мейірімді болуы талап етіледі. Тіпті тәлім-тәрбие адамдық қоғамнан да асып, қоршаған ортаны құрметтеуге, бет-алды табиғатты бүлдіріп, таптауға болмайтынына көз жеткізеді. Мысалы, жаңа шығып келе жатқан балауса шөпті таптамайды, құстың жас балапанын өлтірмейді, құмырысқа ұясын бұзбайды, т.б. Әрбір ата-ана, үлкендер балаларға кішкентайынан бұларды құлағына сіңіріп, табиғат, жан-жануарларға мейірімді қарауға үйретеді. Бұлардың барлығынан белгілі бір дәрежеде дәстүрлі құқықтық сарын байқалып тұрады.

Жан-жақты бағытта тәлім-тәрбие алған адам қоғамға тек пайдалы іс-әрекеттермен шұғылданады, сөзі мен уәдесіне берік болып,

ешкімге арамдық жасамайды. Қазақ әдет-ғұрып заң нормаларындағы әдептілік тәлім-тәрбие тағылымдары әрбір қоғам мүшесін адамдық жақсы қасиеттерді бойына жинап, әділ де шыншыл, обал мен сауапты терең түсінетін, ақ пен қараны ажырататын, жақсы мен жаманды білетін етіп тәрбиелеуге күш салады. Мұндай тәрбие алған адамның этно-мәдени деңгейі жоғары болып, қоғамдағы тұтастық пен заңдылықты сақтауға игі әсер ете алды.

Қазақ халқының рухани байлығы әлемді әр түрлі дәрежеде игеруден, түсінуден, бейнелеуден, бағалаудан тұрады. Әрбір тарихи кезеңде сол заманның өзіне сай нақты құндылықтар жүйесі өрнектелген (Таракты, 1994). Бұл рухани құндылықтар – жалпы құндылықтардың ең шыңы, бұзылмаған қаймағы. Сондықтан да ол – әрдайым тарихи процестердің тұтастығын, бірлігін, сабақтастығын қамтамасыз ететін рухани күш. Материалдық, әлеуметтік, діни, мәдени құндылықтардың жиынтығы әрі бекемдеушісі рухани құндылық өзінің сабақтастық үрдісін есте тоқтатпаған. Процесті үнемі алға сүйреп, дамытуға үлкен рөл атқарған. Бұл тәлім-тәрбиенің басты қаруы болып, қоғамды тарихи реалдыққа, мәдени дамуға, бірлікке ұмтылдыруда, еркіндік пен бостандыққа, қоғамдық шынайы үйлесімдікті қалыптастыруда, рухани дамуға көп үлесін қосқан.

Адам құқығы мен бостандығы, адам және қоғам мәселелері әл-Фараби еңбегінде текке көтерілмегенін оның философиялық көзқарасын зерттеген ғалым С.Х. Сатыбекова сипаттап жазады (Сатыбекова, 1975: 74). Көне дәуір ойшылдары Зерде мен Бақыт, Бостандық пен Теңдік, Жақсылық пен Үйлесімдік, Құқық пен Заңдылық жайлы көп ой толғаған. Олардың еңбегінің мәдени-дүниетанымдық тұрғыдан тәлім-тәрбиеге берері мол. Қоғамдық ортаның үйлесімдігі сол қоғамда өмір сүретін барша адамдардың дүниетанымымен, өмір сүру тәсілімен, тәлім-тәрбиенің белсенді алып барылуымен өлшенеді.

Тәлім-тәрбиенің өзегі – адамды жан иесі, адам деп қарау, пенде деп ұғыну. Тірлік басқа болса да, адам тілегі бір болуын, бармақ басқа болса да, білек бір екенін ұмытпау өмір деген өзгеге қамқорлық екенін; ер жігіт өзі үшін туады, елі үшін өледі; ел ауырын ер көтереді деп жас ұрпақ бойына құйып отырған. Мықтының мықты болуы, әлсіздің құрып кетуі тәлім-тәрбиенің сіңірілуіне байланысты (Арғынбаев, 1973). Қазіргі күнгі тәлім-тәрбиенің басты бағыттары да сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиеден бастау алады. Олар

Отанын, Жерін, Елін, адамды, табиғатты, өзін сүюге, яғни тұрмыс-тіршіліктің барлық тармаған қамтуға бағытталған. Ұрпақты одан ары тәрбиелей беру үшін бұл жолда ата-бабалардан қалған рухани-мәдени құндылықтарды, мақал-мәтелдерді, афоризмдік сөздерді, толғауларды, жырларды, тарихи-патриоттық деректерді молынан пайдаланған ләзім (Зиманов, 2004).

Қорытынды

Әрбір азаматтардың мінез-құлқы, мейлі ол жеке тұлға, ұжым, лауазым иелері болса да олар әлеуметтік, психологиялық, құқықтық, әдептілік аспектілерді өз ішіне алады. Өйткені, адамның мінез-құлқы, біріншіден, оның ұйымдастырылуымен; екіншіден, объективті байланыстар мазмұнымен, үшіншіден, оның субъективтік жақтарымен; төртіншіден, нормативтік сипатымен өлшенеді. Бұлардың келістігі құқықтық нигилизмге апарып соғады. Оны көбінесе бюрократиялық процедуралар, заңға немқұрайлы қарау, қоғамдық мүдде мен қажетсізінудің алшақтығы жазаланбау тудырады. Адам мінез-құлқы – өте күрделі, объективті және субъективті жақтары, ішкі-сыртқы тетіктері бар құбылыс. Оны көп ғасырлар бойы сынақталған, бай әдептілік шараларымен қалыптастырған. Заң мен қоғам мүшелері арақатынасын тәжірибеден өткен, ұзақ мезгіл санасына сіңген нормалар арқылы жақсартуға болады. Бұған жазбаша тарих та, ауызша тарих та дәлел бола алады.

Әдет-ғұрып, заң-қағидалар қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасын реттесе, ал тәлім-

тәрбие ол реттеушілікті оңайлатып, жүзеге асыратын күш-қуат. Бұлар қоғам мүшелерінің арасындағы қатынасты жөнге салып, реттейді әрі тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін жасалған бейнебір құрал іспетті. Олар ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, ұрпақтар діліне ана сүтімен сіңіп, олардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін алға бағыттап отырады. Әрине, бұл құбылыс әр елде, халықта өзіндік көрініс тауып, өзіне хас қалыптасу, даму, өзгеру тарихын жасайды. Құқық пен тәлім-тәрбие ұлттық саяси және құқықтық сананы қалыптастырады. Әр халықтың өзіндік ұлттық құқық жүйесі қалыптасады. Қазақтардың да құқық жүйесі көне дәуірлерден қалыптасып, өз қоғамына кешегі күнге (XX ғасырға) дейін қызмет етіп келді.

Құқық пен тәлім-тәрбие егіз құбылыстар. Бұлар бір-бірін толықтырып, кемелдендіріп отырады. Бұлардың негізгі бағыттары мыналар: 1) реттеу қызметі. Бұл қызметтің мәні қоғамдық қатынастарды баянды ету, тұрақтандыру; 2) тыйым салу қызметі. Тәлім-тәрбие де, құқық та жеке адамның, қоғамның және мемлекет органының зиянды іс-әрекеттеріне тыйым салады. Бұларды жүзеге асыру барысында тәлім-тәрбиенің алар орны ерекше. Себебі, тәлім-тәрбие мықты болған жерде құқық бұзушылыққа жол берілмейді. Өйткені, тәлім-тәрбиенің негізгі бағыты заңды құрметтейтін адамдарды тәрбиелеу, қалыптастыру. Сөйтіп, сан ғасырлар бойы ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрлі заңды сақтауға мұрындық болып келді, өзгенің құқықтық рецепциясын кіргізбеуге ұмтылды, мұның өзі қазақ халқының құқықтық санасын үнемі кемелдендіріп отырған еді.

Әдебиеттер

- Абай. (1993). Қара сөз, поэмалар. Алматы: Жазушы.
- Арғынбаев Х.А. (1973). Қазақ халқындағы семья мен неке. Алматы: «Ғылым» баспасы.
- Әділбаев А. (2004). Саңлақ сахабалар. Алматы.
- Әл-Фараби (1975). Саяси-этикалық трактаттар. Алматы: Ғылым.
- Баласағұни Ж. (1986). Құтты білік. Алматы: Жазушы.
- Жүйеки А. (1975). Ақиқат сыйы. Алматы: Ғылым.
- Зиманов С.З. (2001). Қазақтың Ата Зандары және оның бастаулары // Қазақтың Ата Зандары: 10 томдық. Т.1. Алматы: Жеті жарғы.
- Зиманов С.З. (2004). Қазақ хандары заңдарына шолу және олардың ерекшеліктері // Қазақтың Ата Зандары: 10 томдық. Т.4. Алматы: Жеті жарғы.
- Кенжалиев З. (1997). Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. Алматы: Жеті жарғы.
- Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы (1994). Алматы: Рауан.
- Қазиев О. (2005) Көшпелі қазақ өркениетіндегі әйел құқығының мәртебесі (XVIII-XX ғ.ғ. бас кезеңі): заң ғыл.канд. ... дис. автореф. Алматы.
- Қонаев Д.А. (2011). Өтті дәурен осылай: естелік-эссе. Алматы: Алматы кітап.
- Қорқыт Ата (1999). Энциклопедиялық жинақ. Алматы: Қазақ энциклопедиясы.

Құран. (1990). Ниса сурасы, 36-аят; Лұқман сурасы, 14 аят; Исра сурасы, 23-24 аяттар, т.б. Т.1. / Аударған Н. Өсерұлы. Алматы.

Құран және ғылым. Ислам ақиқат көзімен қарағанда (2003). / Жинақты баспаға дайындап шығарушы: Халифа Алтай. Алматы.

Сатыбекова С.Х. (1975). Гуманизм аль-Фараби. – Алматы: Наука.

Сәлмен З. (2001). Мұсылмандық әдеп. Алматы: Шапағат-Нұр.

Тарақты А. (1994). Қазақ. Оқу құралы. Алматы: Білім.

Төркеұл Н. (1996). Майқы би және Төле би. Билер сөзі – ақылдың көзі. Алматы: Қазақстан.

References

Abai. (1993). Qara soz, poemalar [Words of edification, poems]. Almaty: Zhazucshy.

Argunbaev X.A. (1973). Qazaq xalkundagy semia men neke [Family and marriage in Kazakh society]. Almaty: Gulym.

Adilbaev A. (2004). Sanlak saxabalar. Almaty.

Al-Farabi (1975). Sayasi-etikaluk traktattar [Political and ethical tracts]. Almaty: Gulym.

Balasaguni Zh. (1986). Quttu bilik [Goodbye shaft]. Almaty: Zhazucshy.

Zhyineki A. (1975). Akikat suiu [Truthfulness]. Almaty: Gulym.

Zimanov S.Z. (2001). Qazaqtun Ata Zandary zhane onun bastaularu // Qazaqtun Ata Zandary. [Kazakh Constitution and Its Origin]: 10 томдық. Т.1. Almaty: Zheti zhargu.

Zimanov S.Z. (2004). Qazaq xandary zandaryna shcolu zhane olardyn erekshcelikteri // Qazaqtun Ata Zandary [Review of the laws of Kazakh khans and their features]. 10 томдық. Т.4. Almaty: Zheti zhargu.

Kenzhaliev Z. (1997). Koshchepeli qazaq qogamyndagu dasturli kukuktyk madeniet [Traditional legal culture in nomadic Kazakh society]. Almaty: Zheti zhargu.

Qazaqtun talimdik oi-pikir antologiasy (1994). [Anthology of the Kazakh language of thought]. Almaty: Payan.

Qaziev O. (2005). Koshchepeli qazaq orkenietindegi aiel kukugunun martebesini (XVIII-XX g.g. bas kezeni) [The status of women's rights in nomadic Kazakh civilization]: zan gul.kand. ... diss. Avtoreferat. Almaty.

Qonaev D.A. (2011). Otti dauren osylai: estelik-esse [It's been a long time ago: memorable essay]. Almaty: Almaty kirap.

Qorkut Ata (1999). Enzyclopedia zhinak [Encyclopedic Collection]. Almaty: Qazaq encyklopediasy.

Quran. (1990). Nisa surasy, 36-ayat; Lukman surasy, 14 ayat; Isra surasy, 23-24 ayattar, т.б. Т.1. / Audargan N.Oseruly. Almaty.

Quran zhane gulum. Islam akikat kozimen qaragnda (2003). [Quran and Science. Islam is a view of the truth]. / Zhinaktu bas-paga daiundap shcugarushcu: Xalifa лифа Altai. Almaty:

Sarybekova S.X. (1975). Gumanizm Al-Farabi [Humanism al-Farabi]. Almaty: Nauka.

Salmen Z. (2001). Musulmandyk adep [Muslim ethics]. Almaty: Shcapagat-Nur.

Tarakty A. (1994). Qazaq. Oku quraly [Kazakh. Tutorial]. Almaty: Bilim.

Torekul N. (1996). Maiku bi zhane Tole bi. Biler sozi – akuldun kozi [Maiku Bi and Tole Bi. The word Bi's is a source of intelligence]. Almaty: Qazaqstan.